

Бекітемін
«Атырау облыстық АИТВ
инфекциясының алдын алу
орталығы» директоры
А.Б.Кудаманова _____

Облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы
өткізілген жиналыс

ұжымында

ХАТТАМАСЫ

Атырау қаласы

06.04.2026 жыл
Сағ.09.00.

Қатысқандар: АИТВ орталығының қызметкерлері

Күн тәртібі: АИТВ орталығының қызметкерлеріне құқықтық сауаттылықты арттыру және жаңадан толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық – процестік кодексі талаптарына түсінік жұмыстарын жүргізу.

АИТВ орталығының заңгері Баянова Майра Темирханқызы орталықтың қызметкерлеріне 2026 жылғы 3 қаңтардығы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық – процестік кодексіне толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер енгізілгенін атап өтті.

Жиналыста, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық – процестік кодексі төмендегі мазмұнда 380-3 бабымен толықтырылғандығы баяндалды:

1. Медицина қызметкерінің немесе жедел медициналық жәрдем көлігі жүргізушісінің өз қызметтік немесе кәсіптік міндеттерін орындауы кезінде немесе орындауына байланысты не оларды орындағаны үшін кек алу мақсатында оларға қатысты күш қолдану қатерін төндіру.

Екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Оның ішінде әрбір көрсетілген баптар жан-жақты қызметкерлермен бірге талқыланып, пікір алмасты.

Жиын барысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық - процестік кодексіне толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына ерекше тоқталып, түсінік берілді.

Жиналыс соңында Қазақстан Республикасының әр азаматы мен азаматшасы өзінің Ата заңы мен құқығын, міндетін білу қажет. Ол үшін өзін үздіксіз дамытып, құқықтық сауаттылығын үнемі арттырып отыруды қажет етеді.

Жаңадан толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық – процестік кодексі талаптарына сәйкес, медицина қызметкерлері, жедел жәрдем көлігі жүргізушілері және өзге де қызметкерлер қызметтік міндеттерін атқару барысында лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланбауға, кәсіби әдептілік пен этика нормаларын қатаң сақтауға міндетті.

Заңгер: _____

Баянова М.Т